

Тебегенова Эльвира

*Қазақ ұлттық спорт және туризм академиясының аға оқытушысы,
ғылым магистрі*

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ өркениеті – дүниежүзі халықтарының көпғасырлық тарихы құрамында байырғы ата-бабалар қалыптастырған материалдық және рухани мәдениеттер салалары тұтастығындағы жетістіктер қазынасы. Ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірлерінен бастап қазіргі біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтар белестерінде Ұлы Даланы мекендеген ата-бабаларымыз өздерінен өнген ұрпақтардың ақыл-есі толқы дүниетаным иесі болуын, денсаулығы мықты, табиғаттың, тұрмыстық неше алуан қиыншылықтарымен тұтқиылдан бетпе-бет келгенде жігерлі, ынталы, жүректі, қайсар, төзімді, жолтапқыш, еңбекқор қасиеттерімен жеңіп шығатын ұрпақ қалыптастыруды мұрат еткен.

Ата-бабаларымыз Ұлы Дала иесі қазақ ұрпақтарының ана жатырында пайда болуынан бастап, фәни дүниеде өмір сүрген кездегі денсаулығының мықты болуы үшін халықтық-педагогикалық ұлағаты ықпалды мақал-мәтелдерді ұрпақтардың сәби-бөбек кезінен жадында жатталуын қадағалаған.

Отбасындағы «Бесік жырынан» бастап, «Шілдехана», «Тұсаукесер» және т.б. сәбилерге арналған алғашқы тойлардан бастап, өмір бойы үздіксіз жалғасатын тіршілік қозғалыстары жүйесінде балалардың, жасөспірімдердің, ержеткен-есейген әйелдер мен еркектердің – бәрінің жадында жүретін халықтық-педагогикалық ұлағатты мақал-мәтелдер – біздің ұлттық тәлім-тәрбиеміздің мәңгілік алтын желісі. Мысалы: «Денсаулық – зор байлық», «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық», «Тәні саудың жаны сау», «Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең», «Денің сау болса, жарлымын деме, жолдасың көп болса, жалғызбын деме», «Аруанаға жүгінді арт белі талмастан бұрын денсаулықтың қадірін біл, науқастанбастан

бұрын», «Аяқ – азамат, қол – мүлік, бас – сандық, тіл – кілт», «Он екі мүшең сау болса, дәулет емей немене? Он саусағың сау болса, сәулет емей немене?», т.б. [1, 478-780-бб.].

Қазақ – ежелгі замандардан бері ата-бабалық көшпелілер мәдениетіндегі ат спорты дәстүрін дамыта жалғастырып келе жатқан халық. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты тарихи-этнологиялық мақаласының «Атқа міну мәдениеті» тарауында қазақ өркениетінің әлем халықтарына үлгі боп тараған тарихи дәстүрді айрықша атап көрсетті.

Елбасы Ұлы Даламыздағы атқа міну мәдениетінің, жылқы шаруашылығының әлемге таралған дәстүрін қазіргі заманғы өркениет дамуы аясында жаңаша бағалаған. Қазақ өркениетінің көпғасырлық тарихындағы байырғы энеолит дәуіріндегі «Ботай» мекеніндегі қоныстарға жасалған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша жабайы жылқының қолға үйретудің біздің Қазақстан жерінде болғандығын айтады. Осы арқылы көшпелілік мәдениеттің озық дәстүрін дамытқан ата-бабаларымыздың Еуразия кеңістігін еркін шарлағаны белгілі.

Атқа міну мәдениетінің қалыптасуына байланысты көшпелілердің сыртқы және ішкі киімдерінің де ыңғайлы болып жасалғандығын дәлелдейді. Яғни, салт атты жауынгерлердің атқа мінуіне ыңғайланған киімдердің қазіргі заманғы үлгілерге негіз болғандығы анық.

Атқа міну мәдениетін жоғары деңгейде дамытқан бабаларымыздың жауынгерлік-қаһармандық дәстүрі дамып, далалықтардың теріні, киізді, кендірді, жүнді, кенепті пайдаланып шалбар тіккені де пайдалы болғандығы бағаланған. Себебі, далалықтардың атқа міну жағдайына бейімделе жасалған киімдердің қазіргі заманға үлгі-негіз сипаты да лайықты аталады [2, 2-б.].

Бұл – қазақ халқы ұрпақтарының мыңжылдықтар бойы Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттерінің қалыптасуына да, дамуына да негіз болған атқа міну мәдениетінің ата-бабалық тарихи бастауы негіздерінің деректері. Халқымыздың ұлттық-спорттық ойындарының қатарындағы байырғы

үлгілерінің қатарындағы «Аударыспақ» – қазақтың ұлттық спорт ойыны [3, 543-б.] да сөз арқауындағы ежелгі ата-бабалық атқа міну мәдениеті бастауларының ұрпақтарға жалғасуын айғақтайды.

Бұл ойынның негізгі мақсаты – атқа мінген азаматтардың ел қорғау оқиғаларының кезеңдерінде жатжерліктермен шайқасуға, жеңіске жетуіне шыңдалудың жолдарын қалыптастыру. Сондықтан, бұл ойынның шарты ереже түрінде түзіліп, сайыскерлердің жекпе-жек қимылдары кезінде қарсыласын аударып түсіруі негізгі нәтиже болып саналған.

Аударыспақ сайысы – жекпе-жекке шығушылардың күш-қуатына, жігерлілігіне, шалт қимылына, ат үстінде берік отыра білуіне негізделген спорттық ойын. Уақыт өте келе осы аударыспақ сайысы жаттығуларының нәтижесінде атты әскерлердің шабуылдарындағы, шайқастарындағы шешуші нәтижелерге қол жеткізілген [3, 543-б.].

Қазақ халқының байырғы тарихи кезеңдерінде қалыптасқан бұл спорттық ойын түрі Қазақстан мен туысқан түркі мемлекеттері шабандоздары қатысатын халықаралық жарыстар түрінде де өткізіліп келеді. Өздерін Аттила басқарған ғұн империясының мұрагерлері санайтын Венгрия астанасы Будапеште 1997 жылы өткізілген ат спортының мерекесінде Қазақстан Республикасының шабандоздары жүлдегер болған еді. Бұл үрдіс әлі де жалғаса береді.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының қатарын **«Көкпар»** ойыны толықтырып келеді. Халық мәдениетіндегі байырғы ұлттық спорт түрі болып саналатын «Көкпар» ежелгі түркі қағанаттары дәуірлерінде қалыптасқан екен. Көкпарға қатысушылардың атқа міну шеберлігі, аяқтарының, қолдарының қарулылығы, бетпе бет тіктесулерден тайсалмайтын батылдығы басты ұстаным болып саналған.

Әуелгі кезеңде бұл сайыс «көк бөрте» (лақ) сөзі бойынша қалыптасыпты. Уақыт өте келе «Көкпар» сайысы үшін бір жасқа толған серке малының семізі ғана алынған. Себебі, оның терісі мықтылығына байланысты жыртылмайтындығы ескерілген. Кейіннен ішек-қарыны алынып тасталған серкенің ішіне тұз толтырылып сайыста қолданылған [4, 692-б.]. Тарихи-

этнографиялық зерттеулерде көкпардың Орта Азия халықтарында (қырғызда, өзбекте – «Улақ тартқыш», тәжікте – «бұзкашин») да қазақтың көкпарына ұқсас ат спорты ойыны бар екені айтылады.

Шығыс елдеріндегі, оның ішінде Ауғанстандағы кеңінен танымал булавиш ойыны да ұқсастығымен байқалады. Америка құрлығындағы Аргентина еліндегі осы көкпар тектес ат спорты ойыны да бар екен. Көкпар – білектері, аяқтары мықты, жүректі, епті шабандоздар қатысатын спорт түрі. Шабандоздардың мінетін аттары да өте мықты әрі жүйрік болуы керек. Көкпардағы сайысқа басы кесілген, ішіндегі ішек-қарыны, өкпе-бауыры алынып тасталған, оның орнына тұз толтырылған, терісі сыпырылмаған семіз серкенің денесі тасталады.

Көкпар сайысына қатысатындардың іс-әрекеттері екі түрге бөлінеді: біріншісі – серкені ат алдына өңгеріп алу үшін барлық қатысушылардың жаппай ұмтылу сәтіндегі қимылдары; екіншісі – сандары бірдей екі топқа бөлінген сайысушылар топтарының дода тартысы. Осы екіншісі кейде **марта тарту** атауымен айтылады.

Қазақстандағы көкпар сайысын ұлттық спорт түрінде тіркеп, қабылдаған ережелер бойынша өткізу 1949 жылдан бері жүзеге асырылуда. Осылайша ұлттық спорттық ата-бабалық бұл түрі арнаулы спорт алаңдарында, халықтың көз алдында өткізіле бастады. 1958 жылдан бері ат жарыстары өткізілетін арнаулы алаңдарда (ипподромдарда) өткізіліп келеді.

Көкпар өтетін алаңдағы төрешілердің басқаратын ортаға арнаулы шеңбер («отау») қойылатыны, көкпарға тартылатын серкені сол «отауға» салу тәртібі, т.б. ережелер қалыптасты.

Әрине, Қазақстан Республикасының кең-байтақ кеңістігіндегі ауылдарда өткізіліп келе жатқан бүкілхалықтық-жалпыұлттық тойларда ұлттық спорттың байырғы түрі осы ат спорты – көкпарды қазіргі жаңа буын ұрпақтар да қолданып келеді. Себебі, көкпарға қатысатын шабандоздардың дене күші, қайраты мен олар мінетін аттардың үйлесім табуы арқылы, көкпарға тасталатын ауыр салмақты серкені жерден көтеріп алу, одан кейін әр сайысшының серкені өзіне өңгере итере алдына өңгеруі, тақымына басуы, т.б. күш-қайрат, жігер, өжеттілік,

т.б. – саналуан қасиеттер тұтастығымен әрекет ету арқылы көшпелілердің өршіл рухы ұстанымдары қайта жаңғырғандай әсер береді.

Бұл – рухани жаңғырудағы қазақтың ұлттық мәдениетінің ата-бабалық рух қуатын ұмыттырмаудың көрнекті үлгісі.

Әдебиеттер:

1. Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ (8675 мақал-мәтел). – Алматы: «Аруна» баспасы, – 632 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры//«Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша, 2018 ж., 1-3-бб.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 6-том: Қ-Н. – 696 б.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2002. – 4-том: Ж-Қ. – 720 б.